

## ҮЛГІЛІК ШАРТТАР

Осы үлгілік сақтандыру шарттары (бұдан әрі - Шарттар) бойынша «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Сақтандырушы) Сақтанушыға біржақты тәртіпте (біріктіру шарты) Сақтандырушымен әзірленген Шарттарға Сақтанушыны біріктіру жолымен сақтандыру шартын жасасуды және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін (бұдан әрі - Сақтандыру полисі) рәсімдеуін ұсынады.

Сақтандырушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру сомасы (сақтандырушы жауапкершілігінің лимиті) шегінде төлемдер жасауға міндеттенеді. Шарттар «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелерінің негізінде әзірленген.

### 1-БӨЛІМ. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың мәні Шартта көрсетілген көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша Сақтандырушының / Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру болып табылады, осыған байланысты Сақтандырушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтанушы Пайда алушыға осы Шартпен көзделген сақтандыру сомасы мен шарттар шегінде төлем жасауға міндеттенеді.

1.2. Сақтандыру төлемі Сақтанушының сақтандыру төлемін жүргізу туралы шешім қабылдаған сәтінен бастап 5 (Бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру сомасы шегінде теңгемен төленеді.

### 2-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАР МӨЛШЕРІ

2.1. Сақтандырушы келесі құжаттар пакетін ұсынуы қажет:

- 1) сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
  - 2) осы Сақтандыру шартының түпнұсқасы (телнұсқасы) немесе көшірмесі;
  - 3) Сақтандырушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) жеке куәлігінің көшірмесі;
  - 4) ЖКО қатысушыларының көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктері;
  - 5) Сақтандырушының (Сақтандырылушының) жүргізуші куәлігінің көшірмесі;
  - 6) КҚИ АҚЖМ бойынша жауапкершіліктің шекті көлемі мөлшерінде сақтандыру төлемінің жүргізілгенін растайтын құжат.
  - 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде (олар болған кезде) залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтандырушымен (Сақтандырылушымен) келтірілген шығындарды растайтын құжаттар;
  - 8) сақтандыру жағдайына (олар болған кезде) байланысты рәсімделген тергеу және сот органдарының құжаттарының көшірмелері;
  - 9) жол-көлік оқиғасы туралы хаттамалардың көшірмелері және оларға қосымшалар;
  - 10) оқиға орындарын қарау хаттамасының көшірмесі;
  - 11) әкімшілік жаза туралы қаулының көшірмесі копия;
  - 12) ЖКО қатысушыларын медициналық куәландырудың көшірмесі.
  - 13) сақтандыру жағдайын реттеу және сақтандыру төлемін алу (қажет болған кезде) жөнінде іс жүргізу құқықығына сенімхат;
  - 14) зиян (зақым) келтіру фактісін растайтын құжаттармен қоса берілген үшінші тұлғалардың (олардың құқықтық мирасқорларының) жазбаша талаптары;
  - 15) зақым мөлшерін бағалау бойынша құжаттар;
- Аталғандардан басқа, Сақтанушы Сақтандырушыдан (Сақтандырылушыдан, Пайда алушыдан) егер Жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру фактісін, сақтандыру жағдайының басталу себебін белгілеу және (немесе) сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау мүмкін болмаса басқа құжаттарды талап ете алады.

### 3-БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Сақтанушы:

- 1) Сақтандырушыны Сақтандыру ережелерімен (шарттарымен) таныстыруға;
- 2) Сақтандырушыға Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын беруге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 4) Сақтандырушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде олардың залалды азайту үшін төлеген шығындарын өтеуге;
- 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны дереу тіркеуді жүзеге асыруға;
- 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушыға ұсынылған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы беруге;
- 7) толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда құжаттарды тапсыру күнінен бастап 3 (Үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға (Сақтандырылушыға) немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлғаға жетіспейтін құжаттар көрсетілген анықтаманы беруге;
- 8) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

### 3.2. Сақтанушы:

- 1)Сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру мәнін тексеруге, ал қажет болған жағдайда - оның нақты құнын анықтау үшін өз есебінен сараптама тағайындауға;
- 2)Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы берген ақпараттың дұрыстығын, сондай-ақ Сақтандырушының Сақтандыру ережелері мен Сақтандыру шартының талаптарын орындауын тексеруге;
- 3)Сақтандырушыдан Сақтандыру тәуекелінің өзгеруі туралы ақпарат ұсынуды талап етуге;
- 4)Сақтандырушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ зиянның себептері мен мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 5)сақтандыру жағдайының себептері мен жағдайларын дербес анықтауға және Сақтандырушы ұсынған құжаттармен және дәлелдемелермен танысуға;
- 6) Сақтандыру ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен толығымен немесе ішінара бас тартуға;
- 7) егер Шарт жасалғаннан кейін Сақтандырушы Сақтанушыға осы Шартты жасау және орындау кезінде маңызды болып табылатын мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер туралы хабарлағаны анықталса Шартты жарамсыз деп тануды талап етуге;
- 8) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайының басталуын растайтын құжаттарды, сондай-ақ зиянның себептері мен мөлшерін анықтау үшін қажетті жағдайларды сұрауға;
- 9) Сақтандырушыдан сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғадан талап ету құқығының Сақтанушыға берілуін қамтамасыз етуді талап етуге;
- 10) осы Шартта көзделген тәртіпте және мерзімде Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;
- 11) Сақтандырушы / Сақтандырылушы осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда Сақтандыру шартын орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

### 3.3. Сақтандырушы:

- 1) сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) осы Шартпен белгіленген мерзімде және мөлшерде төлеуге;
- 2) Шарт жасалған кезде сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның туындауынан болуы мүмкін зиян мөлшерін айқындау үшін Сақтандырушыға белгілі болған маңызды жағдайларды Сақтанушыға хабарлауға,;
- 3) Сақтандырылушыларды сақтандыру шарттарымен таныстыруға;
- 4) Сақтанушыны Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің өзгергені туралы хабардар етуге;
- 5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар сақтандыру жағдайының басталуы туралы және/немесе оның салдарынан сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін сақтандыру оқиғасының басталуы туралы сақтандыру жағдайының орнын, уақытын және барлық жағдайларын көрсете отырып хабарлауға және 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған ақпаратты жазбаша түрде растауға. Егер Сақтандырушы дәлелді себептер бойынша аталған әрекеттерді орындай алмаса ол оны құжатпен растауы тиіс;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және оған келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге;
- 7) сақтандыру жағдайының залалын болдырмау немесе азайту бойынша барлық мүмкін және тиісті шараларды қабылдауға;
- 8) уәкілетті органдарға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;
- 9) Сақтанушыға сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығын беруді, оның ішінде барлық құжаттар мен дәлелдемелерді Сақтанушыға беруді қамтамасыз етуге және оған өзіне берілген талап ету құқығын Сақтанушының жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметті хабарлауға;
- 10) Сақтанушыға үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залал үшін қандай да бір өтем (өтемақы) алынғандығы туралы дереу жазбаша түрде хабарлауға;
- 11) Шарт жасалған кезде Көлік құралының жарамдылығы жөнінде техникалық тексеруден өткендігі туралы куәлік ұсынуға міндетті.

### 3.4. Сақтандырушы:

- 1)осы Шарттың талаптарымен танысуға;
- 2)Шарт жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- 3)Сақтанушымен немесе оның тапсырмасы бойынша жүргізілген келтірілген зиян мен сақтандыру төлемі мөлшерлерінің есебімен танысуға;
- 4)сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандырылушыны басқа тұлғаға ауыстыруға немесе Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып басқаруға рұқсат берілген тұлғаларды тізімге қосымша қосуға;
- 5)кезекті сақтандыру жарнасын төлемеу жолымен Шарттан біржақты бас тартуға. Бұл кезде Сақтанушы Сақтандырушы Шарттан бас тартқаннан кейін болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүргізбейді;
- 6)тәуелсіз сараптама жүргізуге;
- 7)сақтандыру құпияларына құқылы.

## 4-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

### 4.1.Сақтандыру шарты жазбаша түрде:

- 1) Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша жүгіну, Сақтанушымен белгілеген нысанға сәйкес ресімделген және қол қойылған сақтандыру өтінішін толтыру және Сақтанушының Сақтандыру полисін рәсімдеу жолымен;
- 2) Сақтанушының интернет-ресурсын пайдалану, сондай-ақ тиісті келісім негізінде Сақтанушының серіктесі болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалану арқылы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы электронды түрде ақпарат алмасу жолымен жасалады.

### 4.2. Осы Шарттарға сәйкес сақтандыру шарты Сақтандырушыны осы Шарттарға біріктіру жолымен жасалады.

### 4.3.Сақтандыру шартын Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша жүгіну жолымен жасау үшін төмендегілер қажет:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға берген сақтандыру шарттарымен (Сақтандыру ережелерімен) танысу;

- 2) Сақтанушымен белгіленген нысанда рәсімделген сақтандыру өтінішін толтыру және қол қою;
- 3) Сақтандыру сыйақысын қолма қол төлеммен немесе қолма қол жасалмайтын төлеммен төлеу.

4.4. Сақтандыру шартын электронды түрде жасасу үшін төмендегілер қажет:

- 1) Сақтанушының немесе оның серіктесінің интернет-ресурсында орналастырылған сақтандыру шарттарымен (Сақтандыру ережелерімен) танысу;
- 2) электрондық нысан жолдарын толтыру, талап етілетін электрондық немесе сканерленген құжаттарды тіркеу арқылы сақтандыру шартын жасасу туралы өтініш беру;
- 3) интернет-ресурста ұсынылған қолма қол жасалмайтын есептесу нысандарын пайдалану арқылы сақтандыру сыйақысын төлеу. Процессингтік жүйеден сәтті тарнзакция туралы ақпарат түскеннен кейін Сақтанушы Сақтандырушыға оның көрсеткен электрондық пошта мекенжайына сақтандыру шартын жасасу туралы электрондық хабарлама түрінде ақпарат жолдайды. Сақтандырушы өзінің сақтандыру сыйақысын төлеуі арқылы сақтандыру шартын жасасуға арналып Сақтанушымен біржақты тәртіпте әзірленген осы Шарттармен және Сақтандыру ережелерімен («Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелерімен және «Сервис плюс» бағдарламасымен және «Жолда көмек» сервистік карточканы беру ережелерімен) танысқандығын және оған қосылғанын растайды.

## **5-БӨЛІМ. БАСҚА ДА ШАРТТАР**

5.1. Осы Шартқа қосымша келісім жасасу жолымен өзгерістер/толықтырулар енгізілуі мүмкін, қосымша келісімнің мерзімі Шарттың әрекет ету мерзіміне сәйкес келеді.

5.2. Тараптар ынтымақтастық нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жарияламауға тиісті.

5.3. Шарт әрбір тарап үшін бір данадан бірдей заңды күшке ие екі данада жасалды.

5.4. Осы Шарттармен реттелмегендерге қатысты қолданыстағы заңнама, Ерікті сақтандыру ережелері («Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережелері және «Сервис плюс» бағдарламасы және «Жолда көмек» сервистік карточканы беру ережелері) қолданылады.